

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ



Дәстүрлі Тәжібаев оқулары шеңберінде өткізілетін әл-
Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80-жылдығына арналған
**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ
ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН
ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ»** тақырыбындағы
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
**«ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ
РАЗВИТИЯ ПРАКТИЧЕСКОЙ ПСИХОЛОГИИ В
КАЗАХСТАНЕ»**, посвященной 80-летию Казахского
национального университета имени аль-Фараби
в рамках традиционных ежегодных Тажибаевских чтений

MATERIALS

of International Research and Practical Conference
**«HISTORY OF FORMATION AND PROSPECTS OF
PRACTICAL PSYCHOLOGY DEVELOPMENT IN
KAZAKHSTAN»** Dedicated to 80th Anniversary of Al-Farabi
Kazakh National University within a frame of the traditional
annual Tazhibaev's readings

Алматы
27 ақпан 2014 ж.

Күркебаева Г.М.
Жас мамандардың кәсіби бейімделуін қалыптастыратын әлеуметтік-психологиялық тренинг тиімділігі
Мадалиева З.Б., Христофорова В.К.
Об особенностях нравственного самосознания социально и педагогически запущенных подростков
Мендикулова Ж.
Ұлы ғұламалар мұраларындағы тұлғаның сөйлеу мәдениеті туралы ой-пікірлерін педагог қызметінде ескерудің маңыздылығы
Омиртаева А.А., Нуртаева С.К., Тоғанбек А.
К проблеме подготовки педагогических кадров в дошкольных образовательных учреждениях
Оңалбеков Е.С., Солтыбай А.
Қазақстан республикасы және Ұлыбританиядағы әлеуметтік-педагогикалық қызметтің дамуы (салыстырмалы талдау)
Ордагулова Д.И.
Студенттік кезеңдегі өзін-өзі тануға ортаның әсері және оның психологиялық ерекшеліктері
Өмірзақова Ә.М., Дәрменбаева Н.
Болашақ педагогтарды даярлауда ойынның маңызы
Өмірзақова Ә.М., Дәрменбаева Н., Есқалиева Г.Б.
Болашақ педагогтардың кәсіби құзиреттілігін қалыптастыру
Полывянная Н.В., Ахтаева Н.С.,
Исследование влияния курения и физической культуры на уровень индивидуального благополучия студентов
Садықова А.Т., Казурова М.К.
Взаимосвязь особенностей характера и адаптации студентов первого курса
Сангилбаев О.С., Сангилбаева А.О.
Психология мамандығына кәсіби білім беру мәселесі

3 СЕКЦИЯ. С.М. ЖАҚЫПОВТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕКТЕБІНІҢ ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ПСИХОЛОГТАРЫ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

СЕКЦИЯ 3. НАУЧНЫЕ ДОСТИЖЕНИЯ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ШКОЛЫ С.М. ДЖАКУПОВА И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКОЙ АССОЦИАЦИИ ПСИХОЛОГОВ

Камзанова А.Т., Жолдасова М.К.
Концепция совместно-диалогической познавательной деятельности и компетентностный подход в современном вузе
Исаханова А.А.
Открытие практической психологии для Казахстана
Турсунгожинова Г.С.

К вопросу влияния информации о факторах окружающей среды на психологические особенности человека 132

4 СЕКЦИЯ. ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

СЕКЦИЯ 4. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРАКТИЧЕСКОЙ ПСИХОЛОГИИ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Абдраманова П.А., Таубаева Ш.Т.
Дарынды оқушылармен жұмыс 138
Абдрахманова А.Т.
Жағымды мінез-құлық дағдылары мен адамгершілік сезімдердің арақатынасы 142
Абрелева М.М., Бахтыбек Р.Б., Дүйсенбеков Д.Д.
Психологическая феноменология религиозно-политического экстремизма 147
Абубакир А.А., Қалымбетова Э.К.
Орта буын мектеп оқушыларының психологиялық ерекшеліктері 153
Аймухамбетов Т.Т.
Формула успеха как актуальная проблема практической психологии 158
Акажанова А.Т., Курбаналиева М.К.
Жабық мекемедегі тәрбиеленушілерді сүйемелдеу мәселелері 161
Алғабекова Д.А.
Тұлғаның ұлттық мінез - құлық ерекшеліктері 166
Аманкелді С.А., Наурызалина Д.Г., Толегенова А.А.
Эмоциональное выгорание как фактор деформации ценностно-смысловой сферы личности в условиях экстремальных ситуаций 170
Аманова А.К., Мамаева А.Ж.
Этностық өзіндік сананың психологиялық аспектілері 175
Анкешова О.А., Ниязғалиева-Сатыбалдинова К.А., Алиева А.С.
Психологические методы решения педагогического конфликта 180
Арғынбаева А.К., Айтышева А.М.
Дарындылықты анықтау жолдары және оны қолдау 183
Ауталипова Е.Н.
Ойын – балалардың эмоциялық-интеллектуалдық даму іс-әрекеті ретінде 187
Аяганова А.Ж., Исмаилова М.Ә.
Тұлғаның даралық стильдерін зерттеу мәселелері 191
Бапаева М.Қ., Ералиева Ж.
Жасөспірімдерде өзін-өзі бағалау деңгейінің қалыптасуына өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі түсінудің ықпалы 196
Бахтыбек Р.Б., Абрелева М.М., Нурадинов А.С.
Методы психологического внушения, используемые в политической коммуникации (на примере пропаганды радикальной идеологии) 203
Бейсенова Ж.Ж.
Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда тұлғаның жеке және кәсіби

дамуы	20
<i>Бейсенова Ж.Ж., Жусипова Ж.К.</i>	
Қазіргі еңбек нарығындағы жеке тұлға	21
<i>Бекова Ж.К.</i>	
Кросс - культурное консультирование как один из важных направлений психотерапевтической поддержки адаптации мигрантов	21
<i>Беленко О.Г., Нурмухамбетова К.М.</i>	
Эмоциональные нарушения в старшем дошкольном возрасте и их коррекция	22
<i>Бердалықызы Ә., Карабалина А.А., Жубандыкова М.К.</i>	
Психолингвистические условия развития речевой деятельности у дошкольников	22
<i>Бердібаева С.Қ. Аяганова А., Санар А., Сейдеқали Ж.</i>	
Қарым-қатынасты реттеудегі трансактілі анализ	23
<i>Болтаева Ә.М.</i>	
Қазақстан республикасындағы заңгер мамандарды кәсіби даярлау жүйесінің психологиялық негіздері	23
<i>Бұлатбаева А.Ә., Маханова П.Ш.</i>	
Пәнді оқыту нәтижелерін бақылау мен бағалау	24
<i>Ганиева Ш.Ш.</i>	
Особенности психологической подготовки сотрудников противопожарных частей	24
<i>Дербісалиева А.</i>	
Мінез-құлқында ауытқуы бар жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктері	25
<i>Джумажанова Г.К., Ақылбаева Г.К.</i>	
Өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінде зейін қасиеттерін дамытуды ұйымдастыру	25
<i>Джумажанова Г.К., Дакина Г.Т.</i>	
Психологиядағы тұлғаның эмоционалдық аймағының дамуы	26
<i>Джумажанова Г.К., Орынғалиева Ш.О.</i>	
Студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтау мәселерінің психологиялық ерекшеліктері	26
<i>Дильманова Г.К.</i>	
Жеткіншектердің аутодеструктивті мінез-құлқының психологиялық зерттеу мәселелері	27
<i>Ержанова М.Ж., Дүйсенбеков Д.Д.</i>	
Жастардың құндылықтары мен құндылық бағдарларының психологиялық ерекшеліктері	27
<i>Ефименко В.А., Кабакова М.П.</i>	
Психологические особенности удовлетворенности браком в молодой супружеской паре в зависимости от факта совместного проживания с родителями	27

<i>Жақыпов С.М., Шерьязданова Х.Т., Сақтағанова Т.С.</i>	
Этнопсихологиялық зерттеулерде жобалау әдістерінің қолданылуы	286
<i>Жарықбаев Қ.Б. Тілеубаева М.С.</i>	
Психологиялық көзқарас бойынша поэзия деген не?	291
<i>Закиева А.Ж., Аймаганбетова О.Х.</i>	
Assessment and Development Center	296
<i>Игибаева А.У., Нұрмұхаметова Р.А.</i>	
Отбасы және оның бала тұлғасының қалыптасуына әсері	304
<i>Изтурганова А.</i>	
Телебағдарлама тұлға әлеуметтенуінің басты факторы ретінде	309
<i>Исатаева Б.Б., Утеуова А.А., Сатығалиева Г.Б.</i>	
Корпоративті мәдениетті қалыптастыру барысындағы тренингтер	313
<i>Каденов Е.Т.</i>	
Толық емес отбасы жағдайының балалардың өзіндік бағалауына әсерін педагогикалық-психологиялық талдау	317
<i>Қалымбетова Э.К., Баратова С.М., Баймолдина Л.О.</i>	
Жас маман тұлғасының кәсіби мотивациясының факторлары және психологиялық ерекшеліктері	323
<i>Қапбасова Г.Б., Кабакова М.П.</i>	
Социально-психологическое исследование проблем личности осужденного	328
<i>Карабалина А.А., Наурызалина Д.Г., Аймаганбетова О.Х.</i>	
Психологические факторы формирования этнической толерантности	334
<i>Ким Л.М.</i>	
Человеческие проявления агрессии	338
<i>Красник А.</i>	
Комплексный подход при изучении личностных особенностей наркозависимых	344
<i>Кудайбергенова Г.К., Кудайбергенова С.К.</i>	
Исследование агрессивности и тревожности в старшем подростковом возрасте (на примере школьников г.Алматы)	350
<i>Куланбаева М.Н., Бекенова А.С., Мамбетова С.К.</i>	
Выявление специальных способностей у детей при отборе в специализированные школы	357
<i>Лоторева М.А.</i>	
Особенности школьной дезадаптации подростков	361
<i>Минасипова А.Р., Тілеуқұлова П.Р.</i>	
Ата-ана мен жеткіншек арасындағы қарым-қатынастың психологиялық мәселелері	367
<i>Молдахметова Г.М.</i>	
Психологиялық мәдениет – болашақ педагог-психолог мамандардың кәсіби маңызды қасиеті ретінде	372

Литература

1. Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности. – М.: «АСТ, Астрель», 2010. – 218 с.
2. Фрейд З. По ту сторону принципа удовольствия // Очерки по психологии сексуальности. – Минск: Попурри, 2010. – 480 с.
3. Малкина-Пых И.Г. Психологическая помощь близким. М.: «Эксмо», 2009. – 208 стр.
4. Антонян Ю.М. Этнорелигиозный экстремизм /Под ред Ю.М.Аноняна. –М.: Институт гуманитарного образования, 2006. – 432 с.
5. Эфиров С.А. Терроризм: психологические корни и правовые оценки // Государство и право. № 4. 1995. – С.24-32.
6. Антонян Ю.М., Бородин С.В. Преступное поведение и психические аномалии /Под ред. В.Н. Кудрявцева. – М.: Спарк, 1998. – 536 с.
7. Почебут Л.Г. Социальная психология толпы. – СПб.: Речь, 2004. – 240 с.
8. Ольшанский Д.В. Психология терроризма. – М.: Академический проект, 2002. – 319 с.
9. Введенская Т.Ю., Дзигумская Е.А. Международный терроризм: психологический аспект (личность, феномен терроризма). – Режим доступа: <http://psyfactor.org/terror2.htm>.
10. Психология и психопатология терроризма. // Гуманитарные стратегии антитеррора: сб. ст. / под ред. М.М. Решетникова. - СПб: Вост.-Европ. ин-т психоанализа, 2004. – 352 с.
11. Сляднева О.В. Психологическое рассмотрение проблемы насилия и террора/Учебное пособие - Ставрополь, 2005. – МВД России, ИПК. – 79 с.
12. Витюк В.В. Некоторые проблемы терроризма в аспекте современных конфликтных ситуаций (соображения террологов) // В сб.: Социальные конфликты: экспертиза, прогнозирование, технология разрешения. Вып. 4. Терроризм, 1993 г. – С. 53-62.
13. Чурков Б.Г. Мотивационные и идейные основания современного терроризма // В сб.: Социальные конфликты: экспертиза, прогнозирование, технология разрешения. Вып. 4. Терроризм. – С. 49-56.
14. Зинченко Ю. П. Психологический портрет терроризма: истоки терроризма как социальной формы идентичности // Вестник Московского университета. № 4. 2007. – С. 3-7

Мақала діни-саяси экстремизмнің және ланкестіктің алдын алу сияқты көкейкесті мәселеге арналған. Террористтің тұлғасын, жанының психологиялық механизмдерінің ерекшеліктерін, тұлғаның радикализм тетіктері шегінде психопатологиялық және шекаралық зерттеулер тұрғыдан негізгі түсініктемелерді ашып көрсету. Мақаланың негізгі мақсаты ланкестіктің және террористтің тұлғасының ресоциализациялануының алдын алу жолдары тұлғаның сава-сезімінің трансформациясы шеңберінде жүргізілген зерттеулер түсіндірілген.

Статья посвящена актуальной проблеме профилактики религиозно-политического экстремизма, терроризма. Рассмотрены основные подходы к объяснению сущности личности террориста и психологические механизмы радикализации личности в рамках психопатического и пограничного подходов. Для решения прикладных задач профилактики терроризма и ресоциализации террористов объяснена перспективность исследования личности террориста в контексте трансформации ее сознания.

A paper is devoted to an actual problem of prevention of psychological background of religious-political extremism and terrorism. Main approaches explaining the essence of the terrorist's personal identity and psychological mechanisms of consciousness' radicalization are revealed. For resolving applied problems of prevention of extremist behavior and terrorist activity prospects of consciousness' transformation are determined.

ОРТА БУЫН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абубакир А.А.,
Қалымбетова Э.К.

Әлеуметтік орта – кең ауқымды түсінік. Бұл бала өсетін қоғам, оның мәдени дәстүрі, білім және шығармашылық өсудің деңгейі. Әлеуметтік және мәдени даму ерекшеліктері ондағы қабылданатын жүйе балалардың тәрбиесі және білімі, мемлекеттік және жеке оқу орындарында (бала-бақша, мектеп, шығармашылық мектептер және тағы сол сияқты) отбасы тәрбиесінің спецификасымен ерекшеленеді.

Әлеуметтік орта – бұл әлеуметтік айнала, бала психикасының дамуына әсерін тигізуші: ата-ана және отбасының басқа мүшелері, бала-бақша тәрбиешілері және мектеп мұғалімдері (кей кездері отбасы достары). Ескере кететін жайт, әр адамның жасы өскен сайын оның әлеуметтік айналасы кеңейе түседі: мектепке дейінгі кезеңде бала дамуына өз құрбы – құрдастары ықпал етеді, ал жасөспірім және жоғарғы мектеп оқушыларына кей әлеуметтік топтар – бұқаралық ақпарат арқылы, митинг ұйымдастырылуы, діни ұйымдар және тағы басқалар арқылы ықпал ете алады. Бала әлеуметтік ортадан тыс дами алмайды, толық қанды тұлға бола алмайды. Белгілі уақиғаларды айтып кетсек, кішкентай кезінде жоғалып, орманда жануарлардың ортасында өскен балаларды білеміз. Бұндай «Маугли» төрт аяқтап жүгіріп және асыранды ата – аналары секілді дауыстар шығарған болатын. Мысалға: қасқырларда өскен екі үнді қыздар түнде ұлытын. Адам баласы ерекше психикасымен ерекшеленеді, орта бергенді ұғынып алып, егер ол адами қоғаммен қатынаста болмаса онда адами қасиеттер пайда болмайды.

Әлеуметтік даму факторын мойындаушы психологтар үшін, тәлім – тәрбие принципіалды түрде маңызды кез болып табылады. Л.С.Выгостскийдің айтуынша тәлім – тәрбие психикалық дамуда басты рөлде болады деп айтып кеткен [1].

Әлеуметтік психология отбасының, ұжымның, таптың, ұлттың, тағы да басқа адамдардың тұрған жеріне, кәсібіне, қоғамдағы алатын орнына қарай жіктелетін топтарының психологиясын зерттейді. Әлеуметтік психология қоғамда болып жатқан саяси - әлеуметтік құбылыстардың сырын түсінуге, олардан қорытынды шығарып, қоғамның даму бағытын айқындауға, ірі топтарды және тұтас қоғамды басқаруға, бағыттарды, шараларды айқындай отырып, оны стратегиялы дұрыс жолға салып отыруға көмектеседі. Сондықтан ғалымдар бұл ғылымның болашағы зор, ХХІ ғасырда жетекші орындарға шығады деп есептейді [2].

Бала ер жетті дегенде, оның үлкендердің арасында өмір сүруге, солар сияқты дәрежелі болуын айтады. Әрине жасөспірімге шынайы үлкендердің

өміріне жету үшін физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік жағынан да әлі алыс. Ол үлкендер өміріне объективті түрде қосыла алмайды, бірақ үлкендермен тең құқылы болуға таласады. Жаңа позиция әр түрлі жағынан көрінеді, көбінесе сырт келбеті мен іс - әрекетінен. Жақында ғана балаша жүгіріп секіріп жүрген бала, екі қолын қалтасына салып, арқаны кеңге жайып сабырлы жүреді. Оның қолында темекі мен міндетті түрде жаман сөздер пайда болуы мүмкін. Қыз балалар болса, киген киімі мен шаш үлгілерін өздерінің қатарларымен болмаса журнал сыртындағы қыздармен салыстыруды бастайды. Жасөспірімнің сырт кейіпі отбасындағы көптеген түсініспеушіліктердің себебі болып келеді. Ата -аналарға жастардың киім үлгісі де, олардың бағасы да ұнамайды. Ал жасөспірім бала өзін қайталанбас тұлға ретінде қарай отырып, басқалардан ерекшеленгісі де келмейді. Ол өзінен басқа балалардың бәрінде, тек онда ғана жоқ киімді трагедия ретінде қабылдауы мүмкін. Топпен үндесіп, одан ерекшеленбей өзін қорғанышта сезінуді психологтар қорғаныс механизмі ретінде қарастырып, оған әлеуметтік мимикрия деген ат берген. Үлкендерге еліктеу тек қана киім мен еліктеумен ғана шектеліп қоймайды. Еліктеу көңіл көтеру мен романтикалық қатынастар кезінен де байқалады. Бұлардың мағынасына карамастан, үлкендерден көшірілген түрде жүреді: кездесу, хаттар, қала сыртына саяхат, сауық кеші т.б. Әлеуметтік бейімделу өмірдің белгілі бір қырларына келгенде қарқынды дами түседі.

Жасөспірім шак бала өміріндегі қиын кезең, сондықтан оны созылмалы дағдарыс деп атаған болуы керек. Бұл кезеңнің ең негізгі бейнесі тұлғалық тұрақсыздық, олардың да айналасындағылардың да өмірін қиындататын шак. Л.С. Выготскийдің айтқанындай «Жасөспірім тұлғасында еш тұрақтылық, нақтылық, қозғалыссыз ештеңе жоқ деген болатын». Тұрақсыздық неден көрінеді?

Ең бастысы, эмоциялық лабильділік, осы шакқа тән нәрсе. Ол физикалық бойдың өсуімен физиологиялық өзгерістермен, жыныстық жетілу дағдарысымен байланысты. Қазіргі психологтардың айтуынша, адам психикасының дамуы екі дағдарыспен байланысты: жасөспірім және кәрілік кезеңімен. Жасөспірім организмі қарқынды дамып, ол ересек адамға айнала бастайды. Кәрілік кезінде кері процесс орын алады. Физиологиялық әлсіздене бастайды. Прогрессивті де регрессивті де өзгерістер психиканың эмоциялық сферасына әсер етеді.

Пубертатты кезең 11-13жаста басталады. Ұл балаларда «бойдың өсуі» 13 жаста басталып, 15-17 жастарда аяқталады, ал қыздарда екі жыл бұрын басталып, екі жыл кейін аяқталады. Жыныстық ерекшеліктермен қатар, индивидуалды ерекшеліктерде баршылық: кейбіреулердің бойы екіншілерге карағанда өсуі кеш басталуы мүмкін.

Адам қаңқа сүйектері мен бұлшық еттерінің жылдам өсуінен жүрек, өкпе, бас ми бағанының жұмысы бұзылады. Сондықтан жасөспірімдер үшін

қантaмырлар мен бұлшық ет жұмысының бұзылулары байқалады. Спaзмалар көңіл - күйдің құбылмалылығын, әлсіздікті әкеледі [3].

Ерте жастық шакта өзіндік бағалау қалыптасады. «Мен- концепцияның» тұрақталуы, ішкі «Мен». «Мен – концепциясы» шамамен 15 жаста құралуы керек, жасөспірімдік және жоғарғы сыныптың арасы болып табылады.

15 жаста балалар 9 сыныпта оқып, кейбіреулері мектептен кетуге бел буады. Бұл өзіндік бағалаулары төмен оқушылар [4].

Жасөспірім кезеңінде адамдарда өмір құндылықтарын таңдау мәселесі пайда болады. Жасөспірім өзіне деген ішкі қарым – қатынасын қалыптастыруға (мен қандай болғым келеді?) басқа адамдарға деген қарым – қатынасқа, және де адамгершіліктік құндылықтарға талпынады. Нақ осы жасөспірім кезеңінде адам өзінің жақсылық пен жамандық категориялары арасында саналы түрде өз орнын табады. «Намыс», «адамгершілік», «құқық», «міндет» сияқты тұлғаның сипатын басқа да ұғымдар толғандырады. Жасөспірім кезеңінде адам жақсылық пен зұлымдылықтың диапазонының шектелген шекарасына дейін таниды. Сондай – ақ, ол өзінің ақылы мен жанының кереметтей шарықтаудың мейірбандылықтан зұлымдыққа, адамгершіліктен жауыздыққа дейінгі диапазон аралығын басынан өткереді. Арбаулар мен шарықтауда, күресте және бастан өткеруде, жығылуда және қайта тұруда жасөспірім сезіп білуге ұмтылады. Ішкі позицияны таңдау өте күрделі рухани жұмыс. Жалпы адам құндылықтарының икемділігімен, құнды бағыт-бағдарының құрылымымен талдамасын тануға ұмтылған адамға, өзінің іс-әрекетін балалық және ересек жаста анықтайтын, тарихи бекітілген нормативтермен құндылықтарды саналы түрде бұзуға, қабылдауға тура келеді. Ол өзінің бейімделген және бейімделмеген өмір позициясының жағдайы, сонымен қатар оның ойынша, бұл таңдаған позиция, ол үшін ең негізгі, ең қажетті, ең таңдаулы болуы тиіс. Жасөспірім қоршаған әлемдегі өз орнын табуға қандай күш салып бағытталса да, барлық өмір мәнділігін тануға интеллектуалды дайын болса да, ол көп нәрсені білмейді, өйткені ол өзін қоршаған адамдарды және рухани өмір тәжірибесін білмейді. Әсіресе жасөспірім шакта табиғи берілген басқа жынысқа деген талпыныс козады. Жасөспірімдік кезең адам өзінің рефлексивті жаттығуларын бағалайтын кезең. Ал, бұл рефлексивті жаттығулар ішінен ол өзі, досы, барлық адамзат кіреді. Жасөспірім өзінің тұрақты рефлексиясы арқылы өзінің негізін, мәнін ашады. Ол нәзік жанды, тез уайымдауға, сәтсіздікке берілгіш болады. Қандай болмасын ерекше бөгде көзқарас, әсерлі сөз, ерекше әсерлі болып оны жолынан тайдыруы мүмкін. Л.Ф. Обухова психологиялық зерттеулерінде жасөспірім тұлғасының ерекшелігі психологиялық жаңа құрылымдардың түп тамыры, жеткіншек жаста қалыптасып қойған туындысы болып табылады. Өзіндік жеке тұлғасына деген қызығушылықтың күшейуі, сыншылықтың көрінуі – бұлардың барлығы ерте жеткіншек жаста сақталады, бірақ, олар мәнді өзгерістерге ұшырап, саналы түрде бейнеленеді. Ең негізгі мәнді өзгеріс тұлғаның өзіндік дамуында болады. Оның айрықша ерекшелігі болып, өзіндік

рефлексиясының күштілігі табылады. Яғни, өзін — өзі тануға, бағалауға, өз мүмкіншіліктері мен қабілеттіліктерін білуге талпынысы жатады. «Мен кімін?», «Мен қандаймын?», «Менің қабілеттерім қандай?», «Менің өмірлік идеалым қандай?», «Мен кім болғым келеді?» — міне осы сияқты сұрақтар жасөспірім жастағыларға өте қатты әсер етеді. Филип Ройстың «Психология подросткового и юношеского возраста» -оқулығында: жасөспірімдердің өзінің уайым қайғылары ойлары, сезімдері мен қызығушылықтары, арман тілектері мен талпыныстары нақты зерттеу мен зейін салу мәніне айналады дейді. Бұл кезеңде оқушы өзінің ішкі әлемін енді ашады, субъективті уайымдарына «Өзіндік меніне» қызығушылық таныта бастайды. Өз тұлғасына қызығушылығына төмен жеткіншектерге қарағанда, жасөспірімдердің өз-өзін тануы, өзіндік сана-сезімі белсенді және өз тұлғасын өз өзіне бағындыруы туа бастайды. Психолог В.А. Крутецкийдің бекітуі бойынша жасөспірімдердің жетілуі жеткіншектерге қарағанда жоғары деңгейде. Жеткіншектердің айқын сезімін сырттан қарағанда ересек адамдарға келеді. Оларға қарағанда жасөспірімдердің ортаны бөлек олардың басқаға ұқсамауы және құрбылыстарымен ересек адамдардың арасында ерекше болуы, әр түрлі бағытта өз-өзін көрсетуі және өзінің өзіндігін бекітуі тән [5].

Жасөспірім кезеңі жалпы тұлға болып дамуындағы маңызды фаза. Жасөспірімнің жеке бас дамуының аса маңызды факторы — оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі. Ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен, ақы-рында өзінің жеке басы мен өзінің болашағын және ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерін жобалау бағытталады «Жасөспірім» — сөзінің мағынасы ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді. Жасөспірім шаққа аяқ басқан баланың қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы қатынас бұзылады. Жасөспірімнің жеке басындағы басты және діни тән жаңа құрылымын оның өзі туралы енді бала емеспін дейтін түсініктің пайда болуы орын алады. Ол өзін ересектің деп сезіне бастайды, ересек болуға және өзіне жұрттың осылай деп қарауына ұмтылады. Осы жастағы өзгешелік психолог А.Г. Ковалев биологиялық әсері туралы сұрақты ашып тастамай, соның ішінде психикалық сферадағы жыныстық жетілу жасөспірімнің эмоциялық қалпына беттесуін біз тұтас деп айтсақ, онда оның психикалық кескінін биологиялық фактормен анықтаймыз. В.Г. Асеева бойынша мектеп жасындағы жетілу немесе басқа сөзбен айтқанда ерте жетілу — адамның туғаннан бастап физиологиялық, психологиялық және азаматтық ересектік жетілу кезеңі. Мектеп оқушыларының өміріндегі ересектену (14–15 жастан бастап 17–18 жас аралығында) өте құнды кезең. Осы жаста жасөспірімдердің мектептен оқу процесі аяқталады. Физиологиялық жетілуі баяулап, жыныстық дамуы ерте жетіледі. Осының арқасында физиологиялық қызметі реттеледі және қан айналымы жақсарады. Жасөспірімдердің даму кезеңінде қан тамырларының қан

айналу жүйесі күшейіп, сол кезде жүрек ауруы, бас айналуы, қан қысымының көтерілуі жойылады. Жасөспірімдердің ерте жетілу кезеңдерінде орталық жүйке жүйесі ересек адамдікімен тенеледі. Мидың салмағы мен көлемі және функционалды белсенділігі ересек адамдардың ойлауынан қарағанда айырмашылығы болмайды. Сонымен қатар функционалды жетілу жалғасып, осы кезеңде мидың жетілуі ерекше морфологиялық және функционалды дамуымен анықталады. Жасөспірім — барлық қатынас жағынан ересек адам деп қарастырады М.Ю. Красовицкий. Бірақ оларды толығымен жетілген адам деп айта алмаймыз, сондай-ақ нақты осы жасөспірім шақта тұлғаның әлеуметтік бейімделуі белсенді жүреді. Мектеп пен ата-аналардың жасөспірімдерді, жұмысқа, оқу-танымдық және қоғамдық-саяси іс-әрекеттерге, жанұя жағдайына, азаматтық борышты өтеуге тәрбиелеуде үлкен маңызды мәні жатыр [6].

Әдебиеттер

1. Кулагина И.Ю. Развитие ребенка от рождения до 17 лет. 2004.
2. Қоғамдық білім негіздері: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім, М.Изотов, К.Жүкешев, т.б. - Алматы: "Мектеп" баспасы, 2006.
3. Кулагина И.Ю. Личность школьника. М., Творческий центр, 1999.
4. Крутецкий В.А., Лукин Н.С. Психология подростка. 2006.
5. Мухина В.С. Возрастная психология. М., 2006.
6. Киреева Е.Д. Возрастная психология. М., 1999.

Қазіргі психологтардың айтуынша, адам психикасының дамуы екі дағдарыспен байланысты: жасөспірімдік және кәрілік кезең. Бұл мақалада қарастырылатын мәселе жасөспірімдік шақ. Жасөспірім шақ бала өміріндегі қиын кезең. Бұл кезеңде өмір құндылықтарын таңдау мәселесі пайда болады. Осы жұмыста сонымен бірге жасөспірімнің әлеуметтік ортада өзіндік орнын таба алуы, өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсуі айтылады.

По мнению современных психологов развития человеческой психики связано с двумя кризисами: подростковый возраст и старость. В этой статье рассматривается вопрос подросткового возраста. Это сложный этап в жизни ребенка. Так как в этом возрасте поднимается вопрос о выборе жизненных ценностей. Эта работа также докладывает о нахождении своего места подростка в обществе, его отношении с другими людьми.

According to modern psychologists, the development of human psych is connected two crisis: juvenile age and old age. The question of juvenile age is discussed in this article. As the question of the choice of life values is raised at this period. Also this work reports finding of the right place in society by teenagers, the relationship with other people.

тәрбиеленген балаларға мектепте, колледждерде немесе басқа да әлеуметтік институттарда қарым-қатынас жасау ерекшеліктері, олардың психологиялық мінездемелеріне сәйкес жүргізілуі керек. Психологиялық кеңес беру жұмыстарын, диагностикалық жұмыстарды барлық қоғамдық ұйымдарға енгізіп, мектеп және бала-бақшаларда арнайы орталықтар қарастырылуына ұсыныс жасағым келеді.

Әдебиеттер

1. Андреева Т.В. Семейная психология. Учебное пособие. - СПб.: Речь, 2004. - С. 27-45.
2. Баймұханова М.Т. Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. - Астана, 2005. - С. 7-87.
3. Балгимбаева З.М. Роль семьи в возникновении половых этнических предрасположений у детей: Автореф. - Алматы, 2001. - С. 27.
4. Берулова Г.А. Методологические основы деятельности практического психолога: Учебное пособие. - М.: Высшая школа, 2003. - 208 с.
5. Шнейдер Д.Б. Психология семейных отношений, 2000. - 512б.
6. А.И. Антонов Социология семьи. ИНФРА-Москва, 2007. 132-164б.
7. Мацковский М.С. Социология семьи. Проблемы теории, методологии и методики. Москва «Наука» 1989.-111б.
8. Голод С.И. тенденция трансформации брака и семьи. СПб, 1997
9. Трапезникова Т.М. Этика и психология семейных отношений.-Л.: ЛГУ, 1988.-80б.
10. Карабанова О.А. Психология семейных отношений и основы консультирования. М.: Гардарики 2006.-320б.
11. Жаңазарова З.Ж. Социология семьи: Учебное пособие, Алматы: Қазақ университеті 2006.-192б.
12. Шнейдер Л.Б. Семейная психология: Учеб. посб. для вузов. - Екатеринбург: Деловая книга, 2006.-768б.
13. Титаренко А.Я. Семья и формирование личности. - М.: Мысль, 1987. - С. 87-101.
14. Захарова А. В., Андрущенко Т. Ю. Исследование самооценки младшего школьника в учебной деятельности // Вопросы психологии. - М., 1980. - №4. - С. 90-100.
15. Савонько Е. И. Возрастные особенности соотношения ориентации на самооценку и на оценку другими людьми // В кн.: Изучение мотивации поведения детей и подростков. - М., 1978. - С. 81-111.)
16. Папгилев С. Р. Самоотношение как эмоционально-ценностная система. - М.: МГУ, 1991. С. 108

Бұл мақалада толық емес отбасы психологиясы, онда тәрбиеленген балалардың психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Сондай-ақ толық емес отбасы жағдайының балалардың өзіндік бағалауларына әсері талданады. Мұндай отбасындағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері сипатталады.

В этой статье рассматривается психология неполной семьи и психологические особенности детей воспитывающихся в таких семьях. А также анализируется влияние состояния неполной семьи на самооценку детей. Описываются особенности воспитания детей в неполных семьях.

In this article the psychology of an incomplete family and psychological features of children bringing up in such families is considered. And also influence a condition of an incomplete family

on a self-assessment of children is analyzed. It is described features of education of children in incomplete families.

ЖАС МАМАН ТҮЛҒАСЫНЫҢ КӘСІБИ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ФАКТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қалымбетова Э.К.,
Баратова С.М.,
Баймолдина Л.О.

Психология ғылымында көпшілік ғалымдар мына жағдаймен келіседі, нәтижелі кәсіби әрекеттің операциялық компоненттері қатарына (білім, икемділік және дағды) мотивациялық компоненттерді де қосады (мотивтер, қызығулар және қатынас). Дегенмен, жас мамандардың кәсіби әрекетінің психологиялық аспектілері, олардың кәсіпке бейімделу мәселесі мотивациялық, тұлғалық тараптан қарағанда операциялық компоненттердің қалыптасуы жағынан жиі зерттелген. Соңғы уақыттарда компоненттік ынғай да бұл тенденцияны өзгерткен жоқ.

Мотивацияға қатынастың практикалық тәжірибесі мен теориялық зерттеулердің шеңберінің ауқымдылығына қарамай, жас мамандардың мотивациясының теориясы мен практикасында талай аспектілері ашылмаған тақырып болып қалып отыр, қарастырылғандар болса толықтай жеткіліксіз. Бұл жағдайға сүйенсек, жас мамандардың мотивациясына тән ерекшеліктер өзекті мәселе болып табылады.

Мотивация мінез-құлық пен іс-әрекетті психикалық реттеудің спецификалық түрі [9]. Мотивация мәселесін психолог ғалымдар көптеп зерттеген, бірақ бұл зерттеулердің өзі жеткіліксіз десек болады. Мотивация теориясының дамуына маңызды еңбек қорын қосқан ғалымдар: С. Адамс, К. Альдерфер, В. Врум, Ф. Герцберга, Э. Лоулер, П. Лоуренс, Д. Макгрегор, Д. Макклеланд, А. Маслоу, Л. Портер, Б. Скиннера, Ф. Тейлор, және басқа да авторлар М.П. Фоллетт, Э. Мэйо, Ф. Ротлисбергер жұмысшылар іс-әрекетін белсендіру, кәсіпорындардағы әлеуметтік ахуалды жақсарту әдістерін қарастырды. XX ғасырдың екінші жартысындағы жұмыстар Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев, Б.Ф. Ломов, В.А. Ядов, П.М. Яковсон еңбектерімен байланысты.

Іс-әрекет және мотивтің арақатынасын тұлғалық білім ретінде қарапайым және бір мағыналы ғана деп қарастыра алмаймыз. Мотив тұлғада қалыптасқан кезде оны нақты бір іс-әрекетке итермелейді, іс-әрекет аяқталған соң мотив жоғалмайды және тұлға басқасын орындауға кіріседі. Іс-әрекет үдерісі барысында мотив өзгеруі мүмкін немесе, керісінше, мотив сақталып іс-әрекет өзгеруі жағдайы болады. Мотивтің дамуы мен іс-әрекетті игеру кезінде көп жағдайда басқару жүйесінің қарама-қайшылығы туындауы мүмкін. Мысалы,

мотив іс-әрекеттен бұрын немесе кейін қалыптасады. Бұл нәтижеге байланысты айтылады [1].

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, тұлғаның ерте кәсібилену кезеңіндегі басшы мотивтердің бағыттылығы өмірлік ұстанымдардың жасалуы, өмірлік жоспарлардың нақтылануына әсерін тигізеді [1,4,6]. Нақтырақ айтқанда, жас маман тұлғасының «мотивациялық портреті» тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы жүруі кезінде тек қана мінез-құлықтық қатынастарды қалыптастырып қана қоймай, оның кәсіби әрекет барысындағы кәсіби дамуына, сонымен қоса индивидтің ары қарай өміріндегі болжамданған алдыңғы өмірлік жоспарларына жүзеге асыру арқылы әсер етеді [4].

Жалпы мотивтер тізімінің құрылуы жас маман тұлғасы үшін өзектілігі жоғары, нәтижелі кәсіби жүзеге асыру үдерістерін басқару және болжамдау, координаталық бірлік жүйесінің нақты субъектілеріндегі факторлардың көрінуі мен диагностиканың сәйкес құралдарын қолданарда салыстыру үшін мүмкіндік жасайды. Бұл жас мамандармен жұмыс кезінде ынталандыру және нәтижелі мотивациялық жүйені құрастыру және оны нақты ұйымдарда қолдану мүмкіндігін береді [4].

Бұл мақаланың мақсаты – әдебиеттерді талдау және жеке зерттеу негізінде мотивтер тізімін, ерте кәсібилену кезеңінде тұлға үшін өзекті мәселені анықтау. Бұл мотивтер рөлін (мотивациялық факторлар) қайтадан бағалау қиын, яғни ол қаншалықты заңдылық бойынша индивидтің өмірлік ұстанымын қалыптастырып, оның кәсіби жүзеге асуына әсерін тигізетіні маңызды.

Қажеттіліктер, мотивтер, құндылықтардың әмбебап жіктемесін жасау мына нәрселермен күрденеді: бір мотив басқалары үшін жиі қорғаушы ретінде қызмет етеді, ал басқалары өз кезегінде орталық мотив үшін өздігінше күш беруші қызметін атқара алады, адам соның жиегінде әрекет етеді. Көпшілік психолог ғалымдардың пікірінше, тұлғаның «мотивациялық портретін» анықтау үшін «тек қана мотивті басқаратын бағыттылығын ғана қалыптастыру емес, сонымен қатар, құндылықтармен берілген оның мотивациялық көрінуінің сапалы жүйесін қалыптастыру керек» деген [6].

Мотивациялық аймақтың құрамы күрделі және бірыңғайлы феномен бола алмайды, ол факторлардың күші бойынша мотивацияның көптігі мен аздығы бойынша бағалауға болады. Кәсіби әрекет үшін мотивация күрделі болып анықталады, әрдайым әр түрлі бұйрықтарға (немесе мотивтер) және олардың иерархияларына арақатынасын өзгертіп отырады, оларды тұлғаның мотивациялық профилі қалыптастырады [6].

Мамандардың мотивация туралы ойларының дамуы практиканың сұраныстарымен, көбірек мекеме немесе ұйымдардағы жұмысшылардың мотивациясын басқару міндеттерімен ынталандырылады. А.А. Лузаков бойынша, менеджмент теориясы мен практикасында топ немесе жеке индивидтің мотивациялық спецификасын анықтау үшін қарапайым бірөлшемді және екі өлшемді сипаттаушы мотивация үлгілері жиі қолданылады. Оларда

мынадай айырмашылық белгілері қарастырылады, мысалы ретінде, жұмысшының қатынасқа немесе міндетке, үдеріске немесе нәтижеге, жетістікке жетуге немесе сәтсіздіктен қашуға бағдарлануы. Мұндай үлгіде тұлға мотивациясының спецификасының толық емес үлгісінде бір ғана қажеттілік, мотив есепке алынады. Бұл жағдайда «мотивация профилі» туралы шартты түрде айтуға болады [6].

Біз зерттеушілердің көзқарасына сүйенсек, мотивациялық профиль – жұмысшылардың негізгі қажеттіліктері мен құндылықтарының жиынтығы, сонымен қатар, олардың көріну дәрежелері деп айтамыз [10]. Мотивациялық профиль мотивациялық факторлар қатарының мағыналылығын құру жолымен құрастырылады. Мұндай бағыт мына жағдайды көрінеді: «орташа» индивидке есептелген мотивация әдістерін қолдануға мәжбүрлейтін уақыт экономикасы мен басқа да ресурстар, басқару үдерістерін оңтайландыру қажеттілігі бола тұра мотивация әрқашан да индивидуалды болып табылады.

Ш. Ричи мен П. Мартиндердің жасаған «мотивациялық профиль» сауалнамасы - қызметестердің мотивациялық профилін құрастыруда қолданылатын атақты тесттердің бірі. Ол субъект құндылығына қатысты он екі мотивациялық факторларды анықтауға мүмкіндік береді. «Мотивациялық профиль» сауалнамасы валидтілікке, сенімділікке тексерістен өткен, американдық таңдау топтарындағы шкала құрылымдары әзірге біздің елде жеткілікті түрде тексеруден өтпеген. Көбіне бұл жұмысшының он екі қажеттілігінің тізімі шкала құрылымына тиісті. Мотивациялық факторлар (қажеттіліктермен) арасындағы айырмашылық айқын емес, зерттеушілер мен басқарушылар оларды шатастырып алады, ал олардың ішінен көпшілігі бұл тізімді артық көрсетіп жібереді.

Тұлғаның мотивациялық профилін қалыптастыратын жинақы, «қысқартылған» факторлар тізімі жас мамандық қатынасы үшін мақсатты болуы мүмкін, бірақ үлкен тәжірибеге ие субъектілер қатынасында міндетті түрде оңтайлы болмайды. Кәсібилену өлшемі бойынша тұлғаның мотивациялық құрылымы көбіне индивидуалдандырылған, демек, мотивациялық профильді сапалы құрастыру үшін факторлар мен олардың иерархиясының көбірек санын ескеру керек. Еңбек әрекеті басында мотивтер көбінесе бірыңғайлы және өзарабайланысты болады, мотивациялық профильді құрастыруда зорлық пен көп еңбек етуді керек етушіліктен құтылуға мотивациялық факторлардың тізімін азайту көмектеседі [3].

Адам іс-әрекетінде түрлі мотивтер дәрежесі қатысады, жас маманның мотивациялық профилі күйінің толық үлгісін алуға бірнеше әдістеме немесе бірнеше зерттеулер нәтижелерін қолдануды үйлестіретін кешендік бағыт болуы мүмкін.

«Мотивациялық профиль» авторларының пікірінше, түрлі іс-әрекет өкілдерінің жауаптарындағы бар айырмашылықтарын көрсету, кәсіп аралық айырмашылық болғанмен, жеке индивидуумдар арасындағы айырмашылық

қаншылықты маңызды және терең болса да іске аспады [10]. Сонымен қатар зерттеушілердің көрсетуінше, «қандай да бір топтың шеңберінде немесе қандай да бір ел шеңберінде индивидуумдар арасындағы айырмашылық тым өткір: топаралық айырмашылықтары, сонымен қатар ұлғааралық ретінде іс жүзінде қаралмайды» [10].

Мотивациялық профильдің табиғаты бойынша құрылысы тұрақты деп кесіп айта алмаймыз.[6, 10, 11]. Мотивациялық профиль таңқаларлықтай тұрақтылықты демонстрациялауы мүмкін. Оған дәлел ретінде, Ш. Ричи мен П. Мартин айтуларына, мотивациялық профиль сауалнамасын толтырған қырық бес адам бұл процедураны екі-төрт жыл бойы қайталаған және өз жауаптарында тұрақтылықты көрсеткен. Бірнеше зерттелушілер бұл уақыт ішінде өз мансабындағы жылжулар мен күрделі өмірлік алмасуларды басынан өткізіп үлгерген; олардың нәтижелерін салыстырған кезде үлкен мағынаға ие болмайтын ғана айырмашылықтар көрінген [10]. Бұл факт бізге жас маман тұлғасындағы өзекті мотивациялық факторлар тізімін құрастыруға, әр түрлі жұмыстағы тәжірибелі мамандардың таңдау топтарымен жүргізілген зерттеулерді қолдануға мүмкіндік береді.

Дегенмен мотивациялық профиль қажеттіліктің динамикалық табиғатымен сәйкестілігі тұрақсыз болуы мүмкін (олардың сандық және сапалық өсуімен, нақты әлеуметтік топтағы қабылданған стандарттарды өзіндік салыстыруларымен). Бұл кәсіби маманның «әмбебап» мотивациялық профилін құрастыру үшін әр түрлі жұмыс тәжірибесіне ие мамандар тобына жүргізілген зерттеулерді сынсыз талдауды қолдануға мүмкіндік бермейді.

Л.Ю. Шадрин қызметтес мамандардың мотивациялық стимулдарын эмпирикалық зерттеу нәтижелерінің талдауына сүйеніп, еңбекпен байланысты мотивациялық профилдің қалыптасуына әсер ететін мотивтер тобын төртке бөлді: 1) материалдық маңыздылық негізінде қалыптасатын мотивтер – олар еңбек ақысының төлемімен байланысты; 2) әлеуметтік маңыздылықтарға (әлеуметтік статус, еңбек лауызымы, жылжу мүмкіндігі) қажеттіліктер негізінде қалыптасатын мотивтер; 3) рухани және интеллектуалды дамуға қажеттіліктер негізінде қалыптасатын мотивтер – адамның өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі; 4) қажеттіліктердің жеке өзінің қанағаттандырылуымен байланысты емес, олардың қанағаттандырылуының бар мүмкіндіктерін жоғалту қаупімен байланысты [12].

Е.А. Стрижова мен А.Н. Гусев өздерінің эмпирикалық зерттеулерінде еңбек іс-әрекетінің он алты мотивтерін бөліп шығарды (мотивациялық объектілер): тұрақтылық, ертеңгі күнге сенімділік; мансаптық өсу; статус; өзін максималды түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қызықты жұмыс; адамдарға пайдалы болу; жұмыс нәтижесі; қажеттіліктер жағдайлардан қашу; жұмысты ұйымдастыру мен оңтайландыру; жанұяның саулығы; демалыс; адам еңбегінің мойындалуы; жұмыстан рахат алу және шабыттандыру; кәсіби және жеке даму; әріптестер мен ақшаны құрметтеу [2].

С.Г. Москвичев еңбек әрекетіне қарай Маслоу сызбасын қарастырып, жұмысшылардағы еңбек мотивтері ретінде бес деңгейді көрсетеді:

- табиғи қажеттіліктердің қанағаттандырылуының керектілігі (тамақ, киім, тұрақ т.б.);
- кепілдендірілген жұмысты иеленуге талпыныс;
- жұмыс кезіндегі қатынас, әлеуметтік байланыстар мүмкіндігі;
- атақты болу, әріптестер құрметіне иелену;
- жұмыста өзінің барлық қажеттіліктерін жүзеге асыруға талпыныс (еңбекте өз-өзін жүзеге асыру және өз-өзін таныту) [9, 12].

Бұл тақырыптағы жұмыстарды талдай келе, жиі айтылатын, айтарлықтай көп басылымдарда сипатталатын мотивациялық факторларды бөле аламыз. Бұл табыс деңгейі, әлеуметтік мойындау, біліктілік деңгейінің жоғарылауы, еңбектің қолайлы жағдайлары, адамдармен қарым-қатынас мүмкіншілігі мен мансаптық өсу [12].

Қорытындылай келе, белгіленген мотивациялық факторлар тұлғаның мотивациялық профилін сипаттауда септігін тигізуі мүмкін және ол тек қана оның кәсіби әрекетінің бастауында ғана емес, индивидтің мотивациялық профилі динамикасын болжауға арналған, индивидтің кәсіби жүзеге асыруын басқару үшін, жас мамандарды ынталандыру мен мотивацияның нәтижелі жүйесін құрудағы сызба ретінде қарастырамыз.

Әдебиеттер

1. Бодров В.А. Психология профессиональной пригодности / В.А. Бодров. М.: ПЕРСЭ, - 2001. - 511 с.
2. Гусев А.Н. Диагностика трудовой мотивации: опыт разработки методики / А.Н. Гусев, Е.А. Стрижова // Национальный психологический журнал, - М.: МГУ имени М.В. Ломоносова, - 2010. - № 1 (3). - С. 128-133.
3. Джумагулова А.Ф. Особенности профессиональной мотивации молодых специалистов (на примере работников металлургических предприятий): дис.канд.псих. наук / Джумагулова Алена Федоровна. - СПб., 2010. - 215 с.
4. Дубякова А.И. Анализ исследований в области мотивационных предпочтений сотрудников ОВД / А.И. Дубякова, С.А. Хвезенко // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. - СПб., - 2007. - № 4 (36). - С. 184-188.
5. Лузаков А.А. Личность как субъект познания: категоризация при восприятии другого человека: монография / А.А. Лузаков. - Краснодар: Кубанский гос ун-т. - 2007. 273 с.
6. Лузаков А.А. Построение мотивационных профилей как условие эффективного управления мотивацией персонала / А.А. Лузаков // Актуальные проблемы управления персоналом и организационной психологии: материалы II Всерос. науч.-практ. конф. / отв. ред. А.А. Лузаков. - Краснодар: Кубанский гос. ун-т. - 2010. - 212 с.
7. Маслоу А. Мотивация и личность / А. Маслоу. / Пер. с англ. Татлыбаевой А.М. - СПб.: Евразия, - 1999. - 478 с.
8. Миронова Т.Л. Карьерные ориентации и мотивация трудовой деятельности менеджеров / Т.Л. Миронова // Вестник Бурятского университета. Психология. Социальная работа, - Улан-Удэ, - 2008. - № 5. - С. 35-50
9. Москвичев С.Г. Мотивация, деятельность и управление / С.Г. Москвичев. - Киев: КНЭУ, - 2003. - 490 с.

10. Ричи Ш. Управление мотивацией / Ш. Ричи, П. Мартин / Пер. с англ. Е. Климова. - М.: Юнити-Дана, - 2004. - 393 с.

11. Соломанидина Т.О. Мотивация трудовой деятельности персонала / Т.О. Соломанидина, В.Г. Соломанидин. - М.: Журнал «Управление персоналом», - 2005. - 280 с.

12. Шадрин Л.Ю. Комплексное исследование социальных технологий в системе управления в рамках авторского проекта ЦМОРКК / Л.Ю. Шадрин // Современные тенденции в экономике и управлении: новый взгляд: сборник материалов 1-й Международной научно-практической конференции, — Новосибирск: СИБПРИНТ, -2010. — С. 380-287.

Мақалада басылымдар қатарын талдау негізінде жалпыланған мотивтер тізімі, тұлғаның алғашқы кәсібінен кезеңнің өзекті мәселелері ұсынылған. Мақалада берілген ерекшеліктер жас мамандардың мотивациялық профилінің динамикасын бақылау мен салыстыру, олардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруын басқару үшін ынталандыру жүйесін оңтайландыруға негіз бола алады.

В статье на основе анализа ряда публикаций предложен обобщенный перечень мотивов, актуальных для периода ранней профессионализации личности. Перечень может служить основой для сравнения и мониторинга динамики мотивационных профилей молодых специалистов, оптимизации систем их стимулирования, для управления профессиональной самореализацией.

A generalized list of motives which are topical for the period of personality's early professionalization is suggested in the article. It is made on the ground of the analysis of a series of publications, devoted to this problem. The list can serve as the basis for comparison and monitoring of the dynamics of young specialists motivational profiles; the optimization of the systems of stimulating them, and the management of the professional self-actualization.

СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОБЛЕМ ЛИЧНОСТИ ОСУЖДЕННОГО

*Капбасова Г.Б.,
Кабакова М.П.*

Лишение человека свободы, его социальная изоляция влияет на изменение поведения человека. Общие условия, которые имеются в местах лишения свободы, по-разному воздействуют на поведение и психику осужденных. Основными факторами, влияющими на формирование личностных особенностей у лишенных свободы, являются: ограничение потребностей, изменение сложившегося стереотипа жизни, переживания, связанные с осуждением [1].

Целью нашего исследования было выявление у осужденных образа свободного человека и принятия свободного образа жизни.